



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**Ұлттық Банк онлайн-сервистер мен мобильді қосымшалар қолданылатын алаяқтық схемалар туралы ескертеді**

Астана қ.

2025 жыл, 20 тамыз

Қазақстан Ұлттық Банкі кибершабуыл мен алаяқтық қауіп-қатердің залалын сейілту үшін түрлі онлайн-сервистерді (банктік және мобильді қосымшалар, маркетплейстер және т.б.) қолдану кезінде азаматтарға дербес деректерді қорғау шараларын күшейту қажет екенін ескертеді.

Қаскөйлер логиндерді, пароль мен банк картасының деректемелерін қолға түсіру үшін: фишингтік хабарлама, қауіпті сілтеме, жалған сайт пен QR-код сияқты әртүрлі айла-шараға барады. Сосын ол деректерді банк шоттарына заңсыз қол жеткізуге, кредит ресімдеуге және карта шығаруға қолданылады.

Алаяқтар азаматтардың жеке және биометриялық деректерін жинау үшін адамдарды түрлі ұтыс ойындарына, конкурсқа немесе сауалнамаға қатысуға шақырады.

Ұрланған деректер, оның ішінде фото, бейне және аудио жазбалар әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде нейрожелінің көмегімен жалған аккаунттар ашу үшін қолданылады. Сосын сол аккаунттар арқылы қарызға ақша сұрау немесе «қауіпсіз шотқа» ақша аудару сияқты өтінішпен хабармалар жіберіледі.

Сондай-ақ, қаскөйлер өзін Қазақстан Ұлттық Банкінің, қаржы және медицина ұйымдарының, пошта және коммуналдық қызметтердің немесе құқық қорғау органдарының қызметкері ретінде таныстырады. Осындай сұратулардың растығын арттыру үшін алаяқтар жалған телефон нөмірін немесе қолдан жасалған құжаттарды пайдаланады.

Қазақстан Ұлттық Банкі дербес деректерді қорғау амалдарын күшейту үшін азаматтарды киберқауіпсіздіктің базалық ережелерін сақтай отырып:

- банк картасының деректемелері мен құпиясөзді үшінші тұлғаларға бермеуге;
- Интернет желісінде жеке және қаржыға қатысты ақпаратты жарияламауға;
- әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде құпиялылық параметрлерін тексеруге, күрделі құпиясөздер мен қос факторлы аутентификацияны пайдалануға, вирусқа қарсы бағдарламаларды орнатуға;
- күдікті сілтемелерге өтпеуге және банктерден немесе мемлекеттік порталдардан түскен SMS-кодты үшінші тұлғаларға хабарламауға шақырады.

Егер сіз дербес деректеріңіздің заңсыз жиналғанын және пайдаланылғанын анықтасаңыз, уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитетіне хабарлауға болады. Алаяқтық әрекетке тап болған жағдайда Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына тиісті өтінішпен жүгінуге кеңес береміз.

Консультация алу үшін Қазақстан Ұлттық Банкінің байланыс орталығына 1477 қысқа нөмірі арқылы хабарласуға болады.

**Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:**

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)